



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

языковом образовании, с акцентом на использовании курсов для домашней подготовки, а также корпус с основными учебными материалами. Результаты исследования показали, что, в конце концов, реакция студентов на курс была положительной, поскольку они признавали преимущества материалов и инструментов в области преподавания языка. Тем не менее, для слушателей (учителей) требуется больше времени, чтобы изучить данные ресурсы и программное обеспечение. Авторы проекта пришли к выводу, что один короткий курс не является достаточным для использования корпусов в своей будущей работе, если преподаватели не имели тесных связей с этими ресурсами [9]. Таким образом, существенное изменение преподавания в языковых классах может быть достигнуто только с помощью тесного сотрудничества лингвистов и преподавателей иностранных языков в сочетании с обширной экспозицией корпусов и соответствующего обучения учителей.

Многочисленные исследования доказали, что корпусы являются ценным источником для преподавания языка как в качестве справочных данных, так и в использовании учебного материала. Поэтому необходимо, чтобы результаты научных исследований в корпусной лингвистики, которые могут принести пользу в изучении языка, доводились до преподавателей английского языка, а также мотивировали бы их в использовании данных корпусов в процессе обучения.

Список использованных источников:

1. O’Keeffe, A., McCarthy, M., Carter, R., 2007. From corpus to classroom: language use and language teaching. Cambridge University Press, pp: 315.
2. Yoon, H., 2005. An investigation of students’ experiences with corpus technology in second language academic writing. Unpublished Ph.D. thesis, Ohio State University.
3. Квашнина О. С., 2013. Вопросы использования корпусных данных и методов в обучении иностранным языкам. Филологические науки. Вопросы теории и практики, 8 (2), стр. 81-83.
4. Chang, J., 2014. The use of general and specialized corpora as reference sources for academic English writing: A case study. ReCALL, available on CJO2014. Doi: 10.1017/S0958344014000056.
5. Filchenko, A.Yu., Lemska, V.M., 2007. Using corpus linguistics and corpus techniques in endangered languages documentation, linguistic research, and foreign language teaching. Tomsk State Pedagogical University Publishing, pp: 60.
6. Granger, S., Dagneaux, E., Meunier, F., Paquot, M., 2009. International Corpus of Learner English v2. Handbook + CD-Rom. Presses universitaires de Louvain, Louvain-la-Neuve.
7. Granger, S., 2003. The International Corpus of Learner English: a new resource for foreign language learning and teaching and second language acquisition research. TESOL Quarterly, 37 (3), pp: 538-546.
8. Johns, T., 2002. Data-Driven Learning: the perpetual challenge. Teaching and Learning by Doing Corpus Linguistics. Amsterdam: Rodopi, pp: 107-117.
9. Leńko-Szymańska, A., 2014. Is this enough? A qualitative evaluation of the effectiveness of a teacher-training course on the use of corpora in language education. ReCALL, available on CJO2014. Doi: 10.1017/S095834401400010X.

ОӘК: 512.122:101

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДІҢ ОҢАЙ ӘРІ ЫҢҒАЙЛЫ ТӘСІЛДЕРІ

Шаймарданова Назым Болатова

nazik_17_94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы филология факультетінің 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Дарменова.А.Е

Бүгінде ағылшын тілін білмеу үлкен кемшілікке айналып барады. Сондықтан аталған тілді жұмысыңыздан бас көтермей-ақ, меңгеріп алуға барлық мүмкіншіліктер жасалып отыр.

Әрбір шет тілін үйренуді мақсат еткендер бұл үдерістің біршама күрделі әрі көп уақытты қажет ететінін ескергендері жөн. Дегенмен, бірнеше ережеге сүйене тырысатын болсаңыздар, кез келген тілде, тіпті ең күрделі тілдердің өзінде де сөйлей алу дәрежесіне жетуге болады. Расында бірнеше айдың көлемінде толық сөйлеп кете қоймайсыз. Бірақ диалогтардағы сөз саптауыңыз жақсарғаны өзіңізге біліне бастайды.

Шет тілдердің арасында ағылшын тілі баяғыда-ақ алғашқы орынды иеленді. Бұл әлемдік тілде миллиондаған адамдар сөйлейді. Ағылшын тілі қазірде кез келген салада қолданылады. Бизнес, туризм, ғылым, білім беру жүйесі, интернет, кинематограф... Сізге де осы тілді білген артық болмайды.

Егер сіз қандай да бір себептерге байланысты ағылшын тілін мектепте де, университетте де оқымасаңыз, бірнеше негізгі курстан бастаған дұрыс. Мысалы, бірінші атақты америкалық лингвист Пол Пимслердің методикасымен жасалған курсты тыңдау, ал сосын Assimil немесе Grammar in use курстарының бірнеше деңгейінен өту. Пимслердің бастапқы аудиокурсы арқылы күнделікті сөйлесуге қажетті негізгі 500 сөзді (жалпы 2000 сөз) жаттап шығуға сөздің дұрыс айтылуын үйренуге және тілді меңгеру үшін сервистердің барлығы дерлік қолданатын интервалды қайталауға дағдылануға болады.

Тілді мейлінше жақсы меңгеріп шығу үшін ана тілді барынша аз қолдануға тырысу қажет. Бұл дегеніміз тек ағылшын-ағылшын (ағылшын-орыс не болмаса ағылшын-қазақ емес) сөздіктерін қолдану, ақпаратты www.google.com/nc гарқылы іздеу (ақпаратты орыс немесе қазақ тілдерінде бермейді), Wikipedia-дан Simple English-те мақалалар оқу. Сөздіктердің ішінен Merriam-Webster-ге назар аударыңыз. Аталған сөздіктің сайты әрдайым қызығарлық заттарға толы: өз біліміңді тексеру, сөзжұмбақ шешу және жай ғана сөздік ойындар ойнау. Классикалық сөздіктерге мағыналары әлі еніп үлгермеген сөздерді Urban Dictionary-дан қарауға болады. Контекстегі жаңа тіркеске жасалынған видеоны көру үшін Media рубрикасына назар аударуларыңызға кеңес береміз.

Сөздік қор



Жаңа сөз кездескен кезде, ол қысқа мерзімді есте сақталады, бірақ егер ол сөз қолданылмаса, бірнеше күннен соң ұмытылады. Интервалды қайталау техникасы қандай да бір сөзді ұзақ уақытқа есте сақтауға мүмкіндік береді. Бұрын бұл үшін бір жағында ағылшын сөзі, екінші жағында оның мағынасы жазылатын карточка жасалатын. Енді сөздерді Anki бағдарламасы арқылы қайталауға болады. Бағдарламада карточкаларды тақырыптар бойынша жинауға болады (мысалы, оқылған мақаладан кездескен жаңа сөздер жинағы). Сөзді жаттау кезінде, әрдайым оның қаншалықты оңай еске түскенін көрсетіп өту қажет. Осылайша сервис жаңағы карточканы қанша уақыттан соң ұсынуға болатынын анықтайды (бір минуттан соң ба, 5 сағаттан соң ба әлде 10 күннен кейін бе).

Popling деп аталатын басқа бір сервис тіпті жұмыс істеп жатқан кезде де сөз жазылған карточкаларды экранда жылжитын бетте шығарады. Бетті елемеуге де немесе бірнеше секунд сөзбен жұмыс істеуге уақыт бөлуге де болады. Сонымен қатар, осындай форматқа ұқсас Memrise сервисі де бар.

Аталған сервистерден бөлек сөздермен жұмыс істеудің түрлі әдістерін Lingualeo, Busuu секілді сайттар да ұсынады. Lingualeo-нің ерекшелігі ретінде өзіңіз ұнатқан материалдың ішіндегі сөздермен ғана жұмыс істеуге мүмкіндік беретінін айтуға болады. Ал Busuu-дың артықшылығы – бизнес-ағылшынның арнайы курсы мен тіл меңгеріп жатқан басқа қолданушылармен тілдесу.


Іскер қатынасхаттар



Ағылшын тілін жазбаша түрде үйрену элементтері кемеліне жеткен сайт деп Livemocha.com-ды айтуға келеді. Сіз орындаған тапсырмаларды сол тілде сөйлейтіндерге тексеруге жібересіз және өзіңіз де басқа біреудің тапсырмаларын тексере аласыз. Сервистегі қолданушылардың саны бүгінде 16 миллионнан асады сол себепті өзіңізге «мұғалім» тауып алу еш қиындық тудырмайды. Сонымен қатар, жазуға Lang-8 сервисі арқылы да машықтана аласыз. Бұл сервис үйреніп жатқан тіл бойынша қай жерде күнделік жүргізуге болатынын әлеуметтік желілердің есіне салып тұрады. Бір ғана айырмашылық – тіл білетін достарыңыз қателеріңізді сіздің жазбаларыңызда дұрыстай алады. Өз бетінше жазып үйренуге сондай-ақ Nobuna сервисі де көмектеседі.

Бұл жерде қызықты видеоларды көруге сосын естігендеріңді жазуға болады. Осылайша Nobuna жазуды да айтылған сөзді түсінуді де үйретеді.

Сөйлесуге машықтану



Әңгіме-дүкен құруға болатын адамды жоғарыда айтылған Livemocha, Busuu сайттары арқылы-ақ табуға болады. Бірақ, әңгімелесушіні тек жынысына, жасына, тіл білу деңгейіне қарай сұрыптамай, сонымен қатар, қолданушылардың екеуіне де ортақ тақырыптың болуын ескеретін сайт та бар. Ол – Palabea.

Palabea сайты қолданушылардың видеоойындарды немесе Дүниежүзі тарихын ағылшын тілінде талқылауға дайын екендіктерін айтуға мүмкіндік береді. Аталған тақырып кімде-кімге қызығушылық танытса, диалог құруларына болады. Бірақ, жоғары көрсетілген сайттардың барлығы уақыт өткеннен кейін ақша талап ете бастайды. Егер шығындалғыңыз келмесе, Skype-тағы арнай топтар арқылы диалог құратын адамды табуға болады немесе My Happy Planet сайтында сіз үйреніп жатқан тілде сөйлейтін адаммен тегін тілдесе аласыз.

Оқу



Оқығанда да ең қызығын оқыған дұрыс. Түрлі әдебиет TechCrunch-тағы мақалалардан пайдалырақ себебі, бір жағынан жаңа сөздер көп кездессе, екінші жағынан лексикасы алуан түрлі келеді. Оқыған кезде білмейтін сөздердің астын сызып, оларды Anki-ге салып отырыңыз. Егер электронды кітапқа ақша жұмсағыңыз келмесе, мәтінді тегін кітапханалардан жүктеп алуға болады. Соның ішінде Gutenberg Project, ManyBooks сайттарына кіріп көрсеңіз болады.


Атақты Amazon сайтында да тегін электронды кітаптарға арналған арнайы бөлім бар. Егер түгел бір кітапты оқып шығуға білім деңгейіңіз жетпесе, бизнес кітаптардың қысқаша мазмұны берілген Readitfor.me сервисінің қызметіне жүгініңіз. Оқуды әдетке айналдыруға DailyLit сервисі біршама септігін тигізеді. Ол күн сайын электронды поштаңызға кітаптан алынған шағын үзінділерді жіберіп отырады. Егер оқырман оқуды жалғастырғысы келсе, мәтін соңындағы батырманы басуы тиіс.

Бизнес-подкасттар




Жүгіру, серуендеу кезінде, автобуста, автокөлікте, үй жинау кезінде және ұйықтар алдында уақыт бөліп ағылшын тілінде подкаст тыңдауға болады. Мысалы, Monocle радиосында бағдарламалардың жазбалары, Wired.co.uk, Tech Weekly Podcast болатын апталық шолулар, The Economist пен WSJ-дегі дыбыстандырылған мақалалар, Freakonomics пен The Nerdist-тің жаңа сериаларын тыңдауыңызға болады. Дегенмен, кейбірінде мәтін жылдам оқылады сондықтан, түсінбеуіңіз мүмкін.

Пайдалы видео



Тыңдау ұнамай ма? Онда кино, сериал, телешоу көруге болады. Мәселен, әр апта сайын Entrepreneurial Thought Leaders-те Стэнфорд университетінде өтетін видеолекциялар жарияланып тұрады. Көңіл-күйді көтеру үшін Saturday Night Live-тің жаңа бағдарламасын тамашалауға болады. Ал ағылшын тілін мақсатты түрде меңгеріп, полиглоттардың тәжірибесімен шабыттанғыңыз келсе, YouTube-та мынадай арналарға жазылыңыз: James ESL, Fluency MC, Loki2504.

Жанды сөйлесу



Тілді жетілдіруде әлемде ешбір нәрсе жанды сөйлесуге жетпейді. Сіз үйреніп жатқан тіл ана тілі болып саналатын адаммен тілдесуге дайын болмасаңыз, ағылшын тілін үйреніп жүргендермен сөйлесуге болады. Ал ағылшын ана тілі болып саналатын адаммен сөйлескіңіз келсе, «Білім» орталығына баруыңызға болады.

Ағылшын тілінің сізге қажеттілігі жайлы әлі де күмәндансаңыз, мына 10 себепті оқып, оны білудегі артықшылықтармен таныс болыңыздар.

1.Еңбек нарығындағы "бағаңыздың" өсуі. Қазір жұмысқа қабылдағанда ағылшын тілін білетін жастарға ерекше құрметпен қарайды. Ал кейбір шетелдік компанияларда бұл тіпті талап ретінде қарастырылады. Жақсы жұмыс иегері боламын десеңіз, қазірден бастап ағылшын тілін үйреніңіз.

2.Ми жаттығуы. Шет тілін игеру - миға деген керемет жаттығу. Ақпарат ғасырында адамға жақсы ес, жаңа ойлар қажет. Ол үшін мидың жақсы жұмысы артық болмайды.

3.Аудармасыз-ақ шет ел киноларын қарау. Кабельді телеканалдардан көптеген елдердің бағдарламаларын, киноларын ағылшынша көре аласыздар. Тек өз еліңіздің ақпаратымен ғана емес, әлемдік жаңалықтардан, мәдениеттен хабардар боласыз. Аудармасыз фильм қарау арқылы оны тереңірек түсініп, көбірек әсер ала аласыз.

4.Шет ел музыкасын тыңдау. Сөзсіз ағылшын тіліндегі классикалық та, заманауи туындылар да әлемдік танымалдыққа ие. Сүйікті әншіңіз не жайлы ән айтып жатқанын түсіну арқылы оның шығармашылығын толықтай бағалай аласыз.

5.Шет елде демалыста жергілікті тұрғындармен тілдесе алу. Шет елдің қайсысына барсаңыз да, ағылшын тілі қолданыста болады. Адамдарды түсініп, сол елдің тұрмысы жайлы көбірек ақпарат, ал демалысыңыздан көбірек әсер ала аласыз. Таныс емес жерден

жоғалмай, керек жерді таба аласыз.

6.Ағылшын тілдегі әдебиет оқу. Әлемдік әдебиеттің танымал туындыларының орыс, қазақ тіліне аудармасын оқып жүрсіз. Алайда оның түпнұсқасын ағылшын тілінде оқығанға не жетсін? Сіздің мамандығыңыз бойынша әдебиет тек ағылшынша шығып, орысша, қазақшаға аударылғанша бір-екі жыл өтеді делік. Өз салаңыздағы жаңалықтардан қалмай, онымен уақытылы танысып отыру үшін сізге бар керегі - ағылшын тілін білу. Арнайы бір салаға маманданған сайттар да көбінде ағылшынша. Демек ағылшын тілін білу арқылы қажет ақпаратты ала аласыз.

7.Ортаңыздың өсуі. Ағылшын тілді форумдар мен сайттарда жүріп, талай жаңа адамдармен танысуға болады. Олармен ағылшынша тілдесіп, өз біліміңіз бен тіл ерекшеліктерін жақсартып аласыздар.

8.Жаңа қызығушылық табу. Әр адамның өзіне тән қызығушылықтары бар. Ол өміріне қызық сәттер қосып, оны күнделікті істерден аландатады. Сіз үшін бұл хобби - тіл үйрену болсын.

9.Қосымша табыс көзі. Ағылшын тілін жақсы игерсеңіз, тек өз жұмысыңызда ғана сәттілікке жетіп қоймай, басқа да табыс көздерін таба аласыз. Мысалға реферат, диплом жұмыстары, арнайы әдебиетті аудару жақсы табыс әкеле алады.

10.Қосымша мүмкіндіктер. Шет тілін білу сізге қосымша мүмкіндіктер ашады. Шет елге оқуға түсу, машықтануға шет елге барып келу және басқа да тосын мүмкіндіктер пайда болуы әбден мүмкін.

Қолданылған әдебиет:

1. Самыкова Б.В. Шет тіліні оқыту жүйесі
2. Қараев Ж.А. Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі
3. Т.Н.Марамзина. Личностно-ориентированное обучение (интерактив)//

Иностранные языки в школе.2004